

Qualcomm бағдарламалық құралдары және қолданбалары туралы толығырақ мәлімет

Qualcomm Incorporated корпорациясының еншілес компаниялары мобильді құрылғының өнімділігін жетілдіруге, батареяның қуатын үнемдеуге, құрылғының қауіпсіздігін жақсартуға көмектесу үшін түрлі бағдарламалық құралдарды, қолданбаларды және қызметтерді пайдаланады. Бұл бағдарламаларға төмендегілер кіреді:

Qualcomm Location

Qualcomm Location (бұрынғы «IZat») – АҚШ-та Qualcomm Technologies, Inc., Еуропалық экономикалық аймақта QT Technologies Ireland Limited және Корея Республикасында (Оңтүстік Кореяда) Qualcomm CDMA Technologies (Korea) ҮН ұсынатын технология болып табылады. Qualcomm Location технологиясы құрылғыңыздың орнын тіпті GPS сигналы әлсіз болғанда да жылдам және дәл анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ орын туралы деректерді талап ететін қолданбалар мен қызметтерді пайдаланғанда, Qualcomm Location технологиясы құрылғыңыздағы батареяның қуатын үнемдеуге де көмектесуі мүмкін. Орынды анықтайтын қолданбалармен жұмыс істеген кезде сіздің құрылғыңыз сол қолданба провайдерлеріне орналасқан жерін жіберуі мүмкін. Қолданба провайдерлеріне жіберілген орын туралы ақпарат олардың шарттары мен қауіпсіздік саясатына сәйкес пайдаланылады. Сондай қолданба провайдерлерінің шарттары мен қауіпсіздік саясатын оқып шыққаныңыз дұрыс болады.

Qualcomm Location кейбір кездері маңайдағы ұялы желі мұнарасының және WiFi кіру нүктелерінің орнына қатысты деректерді құрылғыңызға жүктейді. Құрылғыңыздың орналасқан жерін анықтауы және батареяның қуатын үнемдеуі үшін, бұндай деректер құрылғыңыздағы гироскоп немесе акселерометр сияқты датчиктерден алынған деректермен біріктірілуі мүмкін.

Qualcomm Location бірегей бағдарламалық құрал идентификаторын, құрылғыңыздың орны (бойлық, ендік және биіктік және оның анық болмауы) және маңайдағы ұялы желі мұнарасы және WiFi кіру нүктелері, сигналдың қуаты және уақыт туралы ақпаратты бізге жүйелі түрде жіберіп отырады. Кез келген интернет байланысындай, біз құрылғыңыз пайдаланатын IP мекенжайын да аламыз. Біз жинайтын орын туралы деректерді, бағдарламалық құрал идентификаторын және IP мекенжайын және басқа да деректерді жүйелерді қорғау, бағалау және өнімділігін жетілдіру үшін пайдаланамыз.

Qualcomm Location жинайтын деректерін қорғау үшін бірқатар тиісті және сәйкес қауіпсіздік шараларын қолданады. Осыған қоса, біз орын туралы деректерді, бағдарламалық құрал идентификаторын немесе IP мекенжайын тұрақты түрде сақтамаймыз және Qualcomm Location пайдаланушыларының тұлғасын анықтамаймыз. Жүйенің өнімділігін жетілдіру үшін, бағдарламалық құрал идентификаторы және IP мекенжайы сіздің орналасқан жеріңіз туралы деректермен отыз күнде

байланыстырылады және содан кейін жойылады. IP мекенжайлары мен бағдарламалық құрал идентификаторларын жойғаннан кейін біз орын туралы деректерді біріктіріп, ұялы желі мұнаралары мен WiFi кіру нүктелерінің орналасқан жерлерінің анонимді дерекқорын жасаймыз.

Егер сіз Корея Республикасының тұрғыны болсаңыз, Qualcomm Location қызметі Орын туралы ақпаратты қорғау туралы заңға («Заң») сәйкес жүзеге асырылады және сіз осы заңға сәйкес тиісті құқықтарға ие боласыз. Біздің Кореядағы жұмысымыз туралы сұрақтар не пікірлер болса, бізге мына мекенжай бойынша хабарласыңыз:

Qualcomm CDMA Technologies (Korea) ҮН
Заңгерлік бөлім
4, 15, 16 және 17-қабат
119, Nonhyeon-dong, Gangnam-gu
Сеул, 135-820
Корея Республикасы
Телефон нөмірі: 82-2-3404-1114

Qualcomm Technology Reporting (QTR) -- Диагностика статистикасы

QTR – АҚШ-та Qualcomm Technologies, Inc. және Еуропалық экономикалық аймақта QT Technologies Ireland Limited ұсынатын технология болып табылады. QTR қызметі келесі ақпаратты жинауы мүмкін: (i) құрылғыда орнатылған және/немесе жұмыс істейтін қолданбалардың аттары, (ii) конфигурация ақпаратын (мысалы, марка, модель, операциялық жүйе және нұсқасы, микробағдарлама және нұсқалары, оператор, елдің ұялы байланыс коды және желі коды, процессордың сериялық нөмірі (сіздің тұлғаңызды анықтамайды)), (iii) құрылғы өнімділігінің және қауіпсіздігінің статистикасы (мысалы, орталық процессор, графикалық процессор немесе модемнің өнімділігі) және (iv) сіздің тұлғаңызды анықтамайтын, бірақ қозғалысты, бағдарды және телефонның қоршаған ортасының шарттарын өлшейтін датчиктің деректері. Деректер шифрланған WiFi байланысы немесе шектеулі көлемде ұялы желі арқылы жүктеп салынады.

Біз QTR қызметінің осы саясат бойынша жинайтын деректерін мобильді технологиялардың келесі буынын әзірлеу үшін, соның ішінде сымсыз желі өнімділігін жетілдіру, батареяның қуатын үнемдеу, қауіпсіздік шараларын жетілдіру және іскери операцияларды жетілдіру үшін пайдаланамыз. Біз сондай-ақ құрылғы өндірушілерінің сымсыз құрылғыларды, желілерді және қауіпсіздікті жетілдіруі үшін олармен QTR деректерін бөлісуіміз мүмкін.

Android параметрлер мәзірінде, «Qualcomm Technologies есептері» тақырыбының астында QTR қызметінің қосылуға немесе бас тартуға мүмкіндік беретін деректерді жинау параметрлері бар. Бас тарту құрылғының өнімділігіне жағымсыз әсерін тигізбейді.

Бірнеше ескертпе: Кез келген интернет қосылымындай, біз құрылғыңыз пайдаланатын IP мекенжайын да аламыз, бірақ оны алғаннан кейін бірден жоямыз. QTR бізге осы құпиялылық саясатында қамтылмаған қандай да бір жеке деректеріңізді жіберетін болса, біз бұндай деректерді алғаннан кейін бірден жоямыз. QTR қызметінің кейбір нұсқалары сондай-ақ құрылғының халықаралық мобильді жабдық идентификаторын (IMEI) жинай алады, бірақ бұл мүмкіндік қазіргі уақытта пайдаланылмайды. Егер болашақта біз IMEI нөмірлерін жинайтын болсақ, ол ашық және қажетті мақсатта, барлық деректерді қорғау және құпиялық туралы заңдарға сәйкес жиналады. QTR қызметінің кейбір нұсқалары құрылғының орны туралы деректермен бөлісуді қосу мүмкіндігіне ие болады. Егер бізге орныңыз туралы деректерді жіберетін болсаңыз, біз кейбір кездері ұялы желінің сигналы әлсіз болатын аймақтарды анықтау сияқты мақсаттарда құрылғыңыздың орны туралы ақпаратты жинауымыз мүмкін.

Snapdragon Smart Protect

Qualcomm® Snapdragon™ Smart Protect – Еуропалық экономикалық аймақта QT Technologies Ireland Limited және АҚШ-та Qualcomm Technologies, Inc. ұсынатын, Android жүйесімен жұмыс істейтін құрылғыларға арналған қауіпсіздік бағдарламасы («Smart Protect») болып табылады. Smart Protect қызметі Android жүйесіне орнатылған қолданбалардың жұмысын қадағалайды және ықтимал зиянды, тыңшылық, жарнамалық және айлакер бағдарламалардың іс-әрекетін анықтау үшін машиналық оқытуды пайдаланады. Smart Protect біздің тұтынушының үшінші тараптық қауіпсіздік қолданбаларына бұндай іс-әрекеттер туралы хабарлайды.

Smart Protect қызметін және осы Құпиялылық саясатында аталған басқа қолданыстарды жетілдіру үшін, Smart Protect қызметі бізге ықтимал зиянды бағдарламаның анықталуы, соның ішінде қолданбаның атауы және оның іс-әрекеттері туралы ақпаратты, маркасы, моделі және операциялық жүйе нұсқасы, орнатылған тілі, оператор және ел коды сияқты құрылғының негізгі деректерінің қорытындысын жібереді

Vellamo

Vellamo – Qualcomm Innovation Center, Inc корпорациясы ұсынған, Android жүйесінде жұмыс істейтін құрылғыларды эталондық тестілеуге арналған бағдарлама («Vellamo») болып табылады. Vellamo орнатылған құрылғыда жүйенің өнімділігін талдайды және ол туралы есеп жібереді. Сонымен қатар, сіз құрылғының өнімділігін біз тестілеген басқа құрылғылармен салыстыра аласыз, олай істеген кезде құрылғыңыз бізге тест нәтижелерін және жүйе туралы ақпаратты жіберуі мүмкін. Бұндай жүйе туралы ақпарат құрылғының өндірушісін, моделін және нұсқасын, процессор, жад және қолжетімді датчиктер сияқты құрылғыңыздағы аппараттық құралдар туралы ақпаратты, операциялық жүйенің түрі мен нұсқасын, дисплей туралы ақпаратты, интернет протоколының мекенжайын, браузердің бағдарламалық агенті және құрылғы қосылған сымсыз желі туралы ақпаратты қамтуы мүмкін. Біз жинайтын деректерді осы саясатта көрсетілген мақсаттарда, соның ішінде сіз

сұратқан өнімділікті эталондық тестілеу қызметін ұсыну және мобильді құрылғының өнімділігі туралы «шынайы әлем» статистикасын құрастыру үшін пайдаланамыз.

XTRA – Болжалды GNSS жерсерігі орбитасының деректері

XTRA – АҚШ-та Qualcomm Technologies, Inc. және Еуропалық экономикалық аймақта QT Technologies Ireland Limited ұсынатын мобильді құрылғының өнімділігін жетілдіру технологиясы болып табылады. XTRA қызметі Qualcomm компаниясынан Global Navigation Satellite System (GNSS) жерсеріктерінің болжалды орбиталарын қамтитын деректер файлын жүктеп алады. XTRA деректер файлын пайдалану нәтижесінде құрылғының орнын анықтау уақыты қысқарады, осылайша, орынға негізделген қолданбаларды пайдалану кезінде батареяның қуатын үнемдейсіз. XTRA бағдарламалық құралының жаңа нұсқалары сондай-ақ бізге шамалы деректер жүктейді. Біз жүктеп салынған деректерді осы саясатта көрсетілген мақсаттарда, яғни қызметтің сапасын, қауіпсіздігін және тұтастығын жетілдіру үшін пайдаланамыз. XTRA деректердің келесі түрлерін жүктеп салады: кездейсоқ құрастырылған бірегей идентификатор, процессор атауы және сериялық нөмірі, XTRA бағдарламасының нұсқасы, елдің ұялы байланыс коды және желі коды (елді және ұялы байланыс операторын анықтайды), операциялық жүйе және нұсқасы, құрылғының маркасы және моделі, қолданба процессорының және модемнің соңғы жүктелу уақыты және құрылғыдағы бағдарламалар тізімі.